


- Ай күні 05.06.2020ж. 2 пара
- Мамандық: Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру
- Топ Дош-21,
- Пән мәдениеттану
- Тақырып Ислам өркениеті
- **Мақсаты:** Ислам мәдениетінің дамуының нәтижесін білу және құрметтеу.



- Ислам діні-дүние жүзілік діндардің ішінде ең кеш шыққан жас дін. Ол біздің заманымыздың VII ғасырында Аравия түбегін мекендеген тайпалар алғашқы қауымдық қатынастардан таптық қатынастарға көше бастаған кезде құл иеленушілік идеологиясы ретінде дүниеге келді.
- Қазіргі уақытта мұсылмандар әлемнің 120 елдерінде өмір сүреді, мұсылман қауымдастығы 1,5 млрд. жуық, яғни бүкіл адамзаттың 20%-ын құрайды

- Ислам сөзі араб тілінен аударғанда бағыныштылық деген сөзді, ал муслим немесе мұсылман атауы өзін Аллаға берілген, яғни мұндай бағыныштықты өмір сүру салты ретінде қабылдаған деген мағынаны білдіреді. Ислам діні XV ғ. Жәнібек және Керей сұлтандары негізін салған қазақ хандығының ресми діні болды. Исламның негізін салған Мұхаммад пайғамбар, дәлме-дәл – Айтулы, Даңқты (570-632)-шынайы тарихи тұлға. Исламның Қасиетті жазуы – Құранды Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен уағыздаушы қызметі туралы мәліметтердің жалғыз сенімді дереккөзі ретінде есептейді.

- Тарихи мәліметтерге сәйкес Құран Пайғамбардың өлімінен кейін бірнеше онжылдықтардан кейін жазылғаны және өз тарихында екі редакциядан өткені туралы делінеді. Сол редакциялардың біріншісі – ол Мұхамедтің жеке хатшысымен және оған барлық жақын адамдармен жазылған хаттары бірнеше жыл бойы жинақталған және салыстырылған кезде Омар халифпен құрастырылды. Екінші редакциясы, ең соңғы нұсқасы 644 жылдан 656 жылға дейінгі аралықта Осман халифі кезінде, яғни Алла ашуларының барлық тізімдері мен нұсқалары жинақталып, Құранның бірінші редакциясымен салыстырылып, әр түрлі нұсқаларды мақұлдап немесе қабылданбай, құрастырушылар барлық түпнұсқаларды жойған кезде жасалынды. Құрандық мәтін рифмалық прозамен таза араб тілінде жазылған және 114 сүреден (тараудан) құралады. Құранда 6204-тен 6236-ге аят бар

● **Ислам- барлық әлемдегі монотейстік – ибрахимдік дін болып табылады. Христиан дінінен сон әлемдегі кең етек жайған діндердің бірі осы ислам діні. Жалпы “Ислам” деген сөз “татулық” “табыну ,бағыну” деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар шарифаттардың терминалогиялық сөздігінде “ ислам” сөзі- толығымен табыну, құдайдын алдында міндеттерін өтеу, бұдан басқа жаратушыларға мойын ұсынбай деп саналады. Ислам дінін қабылдаған адам мұсылман деп аталатын болады.**

- Ислам дінін негізін салушы- Һашим әулетінен шыққан Мұхаммед Ибн Абдуллаһ ибн Абдуль-Мутталиб, Һашим әулеті өз кезегінде араб құрайш тайпасының бір бөлігі. Ол Ислам уағыздауын бастамай тұрып пұттарға табынбай, бір құдайшылық жолын ұстанған. Ол Аллаһқа құлшылық қылып, дұға ету үшін Рамазан айында керек жарақтарын- алып Меккенің қасындағы Нұр тауындағы Хира үңгіріне баратын болған. Бір күні Хира үңгірінде отырған сәтінде оған Аллаһ жіберілген Жәбірейіл періште ең бірінші рет аян етеді.

- 1. Ислам діні қай ғасырда дүниеге келді?
- А) б.з VIII-да
- Б) б.з.д Vғ-да
- В) б.з II ғ-да
- 2. Ислам діні қай қаладан шықты?
- А) Башқұрт
- Б) Занзибар
- В) Мекке
- 3. Құранда неше аят бар?
- А) 6204-тен 6236-ға дейін
- Б) 6200-ден 6233-ге дейін
- В) 6180-нен 6286-ға дейін
- 4. Құранды жатқа білетін адамды қалай атайды?
- А) Хафиз
- Б) Уәжіп
- В) Мәкрүһ
- 5. Құран қандай сүреден басталады?
- А) Асыр сүресінен
- Б) Фатиха сүресінен
- В) Нас сүресі
- 6. Құран 2 редакциядан тұрады. Соның 2-сі қай жылдар аралығында пайда болды?
- А) 640-650жж
- Б) 655-666жж
- В) 644-656жж
- 7. Исламның негізін қалаушы кім?
- А) Әбу-Талиб
- Б) Омар
- В) Абдұлла
- 8. Ислам дінінің негізі?
- А) Құран
- Б) Намаз
- В) Мекке
- ●
- 9. Пайғамбарымыздың әкесінің есімі?
- А) Әбу-Талиб
- Б) Омар
- В) Абдұлла
- 10. Ислам дінінің ерекшелігі?
- А) Дін мен құқық арасында зайырлы және діни өмір арасында, сенім мен өмір сүру салты арасында нақты айырмашылықтардың болмауы
- Б) Тілдік ортада қалыптаспады
- В) Адам өмірін шектеу

Қолдануға арналған әдебиеттер:

- Ж. Сарсенова. Мәдениеттану. , Алматы, Бастау, 2010
- Ш. Нағымұлы. Мәдениеттану. , Астана, Фолиант, 2010
 - Қосымша ақпарат
 - <https://ppt-online.org/442721>